

Денсаулық сақтау саласындағы кадрларды қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға 2015 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 271 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 мамырда № 11208 тіркелді

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Денсаулық сақтау саласындағы кадрларды қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға 2015 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму бірінші вице-министрі С.З.Қайырбековаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық оны алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Т.Дүйсенова

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Д е н с а у л ы қ

с а қ т а у

ж ә н е

ә л е у м е т т і к

д а м у м и н и с т р і н і ң

2 0 1 5

ж ы л ғ ы

2 7

с ә у і р д е г і

№ 271 бұйрығына қосымша

Денсаулық сақтау саласындағы кадрларды қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға 2015 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы

Ескерту. Тапсырыс жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 23.12.2015 № 1001 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

р / р №	Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары	Бөлінген орындардың жалпы саны	Білім деңгейі бойынша бөлінген орындар саны							
			4	5	6	7	8	9	10	11
Кәсіптік жоғарғы білімі бар мамандар	Кәсіптік орта білімі бар мамандар		ҚД 2 ай	БА 4 ай	БА 5 ай	1 апта	2 апта	4 апта	1 апта	2 апта
1.	Астана медицина университеті	14535	535	852	193	2344*	1946	1216	4494**	2955
	Барлығы	14535	535	852	193	2344	1946	1216	4494	2955

Ескертпе: аббревиатураны ашып жазу:

Қ Д - қ а й т а д а я р л а у

Б Ж - б і л і м і н ж е т і л д і р у

* 1 апталық біліктілікті арттыру курсына 2 344 кәсіптік жоғарғы білімі бар маман, оның ішінде шетел мамандарын тарта отырып - 280 маман оқудан өтеді;

**1 апталық біліктілікті арттыру курсына 4 494 кәсіптік орта білімі бар маман, оның ішінде шетел мамандарын тарта отырып - 25 маман оқудан өтеді.